

**Ешметова Б.Б.**

1 курс PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: eshmetova.balzhan@gmail.com

**«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ**

Мақалада көнетүркілік өркениеттің көрсеткіші болып табылатын – «Мәңгілік ел» идеясының түркі өркениетіндегі орны туралы сөз болады. Сонымен қатар, мемлекеттің қалыптасу барысындағы негізгі идея мен қолданыс аясының мақсаты мен бағыттары бойынша ой пікірлері қозғалады. Түркі өркениеті мен дүниетанымындағы, әлемнің тілдік бейнесіндегі «Мәңгілік ел» ұғымына жан-жақты тұжырымдама беріледі. Мәселеге қатысты ғылыми пікірлер мен жетекші мамандардың көзқарастары ұсынылады.

**Түйін сөздер:** көнетүркілік, мәңгілік ел, қазақ, таным, әлемнің тілдік бейнесі.

Yeshmetova B.B.

PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: eshmetova.balzhan@gmail.com

**The idea of `Mangilik el`: Turkic outlook and civilization**

In this article the role of idea "Mangilik el" in Turkic outlook as an indicator of an Old Turkic civilization is considered. Also, the purposes and the directions of the main ideas in the course of formation of the state are analyzed. The characteristic is given to the concept "Mangilik el" of a language picture of the world of a Turkic civilization and outlook. Scientific opinions and views of leading experts concerning this subject are presented.

**Key words:** old turkic, kazakh, knowledge, linguistic view of the world.

Ешметова Б.Б.

PhD докторант 1 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: eshmetova.balzhan@gmail.com

**Идея «Мәңгілік ел»: тюркское мировоззрение и цивилизация**

В данной статье рассматривается роль идеи «Мәңгілік ел» в тюркском мировоззрении как показатель древнетюркской цивилизации. А также анализируются цели и направления основных идей в процессе становления государства. Дана характеристика понятию «Мәңгілік ел» в языковой картине мира тюркской цивилизации и мировоззрения. Представлены научные мнения и взгляды ведущих специалистов касательно данной темы.

**Ключевые слова:** древнетюркский, казах, познание, языковая картина мира.

**Кіріспе**

«Түркі өркениеті, оның мәңгі өшпестей болып, мың жарым жылға жуық уақыт бұрын Еуразия құрылығының төсінде бедерленген көне жазбалары жалпы адамзат өркениетінің үлкен қазынасы болып отырғаны бүгін баршаға мәлім.... Түркі әлемі әлі толық зерттелмеген терең тұңғық. Сондықтан түркітілдес

халықтардың тарихын, мәдениетін зерттейтін, оқу-ағарту жүйесін үйлестіретін арнайы орталық құру керек. Біздің ұлы бабаларымыз Алтайдан Ақ теңізге дейінгі Ұлы далада өз билігін жүргізді. Бізге өшпес қаһармандық эпос және мол рухани қазына қалдырды. Тұңғыш рет әлемге өнеге болған ортақ шаңырақ – киіз үйді, темірді, шалбарды, жебені, етікті және өкшені, үзеңгіні ойлап тапты. Осындай батырлық үйлес-

тіретін арнайы орталық құру керек» деп өз сөзінде елбасы Н.Ә. Назарбаев Түркі өркениеті әлем биігіне апарар жолдың негізі осында екенін көрсетеді.

### Негізгі бөлім

Түркі халықтарының осы кезеңге дейінгі әрбір бағытын тереңнен зерттеу барысында көптеген құпиялар мен қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің шешімін таба аламыз. Дүниені тану, табиғат жаратылысын бағалау үрдісінің қарышты қадамы, шексіздігі – заттар мен құбылыстар шексіздігімен тікелей байланысты екендігі анық. Әлемнің көркемдік таным нысанасы айқындалған сайын ғылым шеңбері де ұлғайып, тақырыптық ауқымы кеңейе түседі. Жаратылыс шындығын нақты тарихи кешен тұрғысынан пайымдап, оны жан-жақты қамту – ғылыми таным құбылыстарына тән белгілер болып табылады. Түркі өркениетіндегі өзіндік орын алатын – қазақ халқы да өз бастауын алатын арғы ата-бабаларынан жалғасқан рухани-мәдени құндылықтар жүйесін ұрпақтан-ұрпаққа үзбей жалғастыра отырып, этникалық шыңдалудан өткен көне халықтың ұрпақтары. Шындықты әр ұжым, әр ұлт өз биігінен таниды. Өз биігі дегеніміз – ғасырлар бойы қалыптасқан ойлау ерекшелігі, дүниетанымы, құбылысты бағалау категориясы, құрылымы, таным деңгейі. Фәлсафа, жантану, тілдік лингвистика және психолингвистика ғылымдарында қоршаған заттық дүниенің адам психикасында, санасында көрініс табуы «объективті дүниенің субъективті көрінісі», «әлемнің тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік моделі», «бейнелер әлемі», «тілдік таңба» және т.б. ғылыми атау негізінде қолданылып жүрген терминдермен аталып жүр (Н.Ә. Назарбаевтың жолдауы, 2014: 2-3).

Тіл адам санасындағы шындықты бейнелеу мен жинақтау құралы болып табылатындықтан ой мен тілдің байланысына негізделетін тіл мазмұнының тіл құрылымына ықпалы түркі тіл білімінде де ерекше назарға алынуда. Белгілі түркітанушы Н.А. Баскаковтың «Структура тюркских языков, как и других языков иной типологии, весьма многогранна и тесно связана прежде всего с основными типами человеческого мышления. Если учитывать непосредственную связь языка с мышлением, то необходимо считать, что язык как выражение мыслительных функций представляет собой неразрывное единство, основные же его структурные разделы – грамматика, словарный фонд и звуковой

состав – представляют собой последовательные, концентрические по своему характеру и отношению друг к другу аспекты, содержащие свой особый материал и предмет изучения равно как и свою специфику и внутренние закономерности» деген ойлары да тілдің ішкі заңдылықтары мен адам ой-санасының сабақтастығын сипаттайды. Тіл мен ой сананың, дүниетанымның тығыз байланысы тіл иесі – этностың жалпы болмысын айқындайтындықтан белгілі бір этнос тілін зерттеу сол этнос табиғатын жете меңгеруді қажет етеді. Кез келген халықтың тарихи-қоғамдық, саяси-әлеуметтік аренадағы өзегі өзіндік болмыс. Өзіндік болмыс арқылы қоршаған ортадағы әрбір құбылыстың тілге әсерін әр ұлттың өзіндік ерекшелігіне қарай бейімделу мен қалыптасу жолы деп айтсақ болады. Себебі, әрбір этнос тарихын қарастырғанда, әрбір сөздің өзіндік түсінігі мен сипаттамасы бар екендігін аңғаруға болады. Ол сөздің тегі, архетипі сонау көнелерден негіз алатынын талдау нәтижесінде байқауға болады (Кенжебаев, 2004: 76).

**Түркілік дүниетаным мен өркениет.** Түркі тілінде халықтың негізгі қызметі мен өзіндік орнын көрсететін, тарих қойнауындағы негізгі бағыттары мен міндеттерін айқындай түсетін, сол кезеңдердегі әлем сахнасындағы беделінің қаншалықты деңгейде болғандығы жайында хабардар ететін көптеген халық санасы мен тұрмыс-тіршілігінің негізгі айнасы болып табылатын танымдық сөздер жиынтығы бар. Сондай жиынтықтардың ішіне кіретін, түркі халқының, қазақтың танымының аясын аша түсетін «Мәңгілік ел» концептісінің ғылыми сахнадағы маңызы мен орны ерекше. Шынымен де, әр халықтың өзіне ғана тән, іштей дамитын рухани табиғаты бар. Сол рухтың ерекшелігін тіл арқылы танытып, дыбыстап, ұлттық код арқылы сақтап тұрған, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші күш – тіл. Ол адамның ой-санасымен, мәдениетімен, рухани өмірімен тығыз байланысты. В. фон Гумбольдттың түсіндіруінде, тіл құбылысты тікелей бейнелемейді, ол адамның дүниені қалай түсінетіндігі туралы көріністі береді. Ғалымның пікірінше, сөз – заттың тура таңбасы емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық үрдіс нәтижесінде пайда болатын бейнесі. Яғни, белгілі бір тілдің көмегімен кез келген жеке заттарды бейнелегенде сол тілде сөйлеуші саналы түрде нақты сол затқа қатысты барлық мәліметтің базасын жасайды, яғни сол құбылысқа қатысты әлеммен таныстыра алады (Аманжолов, 1996: 115). Яғни, «Мәңгілік ел» сөзінің ұғымын жан-жақты зерттеп, талдайтын болсақ, оның түпкі

төркіні – Көнетүркілік жәдігерлер қойнауынан бастау алып, қазіргі таңда да өз өзектілігін жоймай, керісінше қолданысын арттыра түскен, қызметі әр тарапты қамтыған, маңызды рөл атқарушы танымдық сөздер топтамасын құрайтынын аңғаруға болады.

Жалпы, әлемдік бейне ұғымы – адамның өзіндік ерекшелігі мен тұрмысын, оның дүниемен байланысын, оның өмір сүруінің маңызды шарттарын кескіндейтін фундаменталды ұғымдардың қатарына жатады. Тіл арқылы жеке адамның тәжірибелік білімі ұжымдық мұраға, ұжымдық тәжірибеге айналады. Осыған орайда, осы салада зерттеу жүргізуші көптеген ғалымдар адамның әлемді тану бейнесінің жасалуындағы тілдің маңызын қарастыра отырып, философия, лингвистика, мифология, мәдениет, тарих, фольклор, өнер және т.б. ғылымдар саласындағы оның түрлену табиғатының қай күйде болатынын біліп, ол турасында ғылыми түсінік алғысы келеді. «Ой тілдік материяда қалыптасады, демек таным үрдісі тілдік жадыда бекітіледі, сақталады. Дегенмен, бұл тілде адамзат танымының бүкіл тарихы қамтылады деген сөз емес. Тіл ең алдымен танымды беру-қабылдаудың қарым-қатынастық құралы болып қалмақ» дейді Е.М. Верещагин (Қайдар, 2008: 3).

Кез келген дүниенің кескінделген фрагменті түріндегі әлемдік бейнелердің әрқайсысы тілді ерекше феномен ретінде көрсетеді. Осы тұста қоршаған болмыс деп отырғанымыз – адам санасынан тәуелсіз өмір сүретін объективті дүние. Ал адамның санасындағы символдық образдар дегеніміз – концептуалды әлемдік бейне. Көріністердің заттануы дегеніміз – ол әлемнің тілдік бейнесі болып табылады. Объективті дүние адам санасынан тәуелсіз өмір сүреді, егер құбылыс біреу болса, бұл дүние сана мен тілде әр түрлі символдарды тудырады. Әлем бейнесі тілде айна қатесіз тура көрініс таппайды, оған берілген атау оның қайсыбір интерпретациясы болып танылады. Адам қоршаған ортаның сан алуан бейнелерін бір мезетте тұтастай толық көрсете алмайды. Дүние әлем шексіз, ал адамның таным деңгейі, дүниетанымдық мүмкіндіктері шектеулі.

**«Мәңгілік ел» идеясының қазіргі таңдағы қолданысы.** Адам танымындағы, түркі жұртшылығында ерекше құндылықты көрсете түскен «Мәңгілік ел» сөзін талдай түсетін болсақ, көптеген қызықты деректердің негізін байқауға болады.

«Мәңгілік ел» сөзін қасиетті мағынасы бар, себебі ол біздің бүкіл тарихымыз арқылы өтіп,

өткенімізге көз жүгіртеді. «Мәңгілік ел» ұғымының мағынасы *Жерұйық, Атамекен, Туған жер, Отан* сияқты қасиетті түсініктермен ұштасып жатыр. Ежелгі түркілердің арманы мәңгілік өмір және Тәңірімен жақындасып, оның сүйікті құлдарына айналу болды. Бұл армандар бірігіп, бір Жаратушының рақымымен ғана «мәңгілік» деген түсінікке айналды. Біздің ата-бабаларымыз үш нәрсені өзара байланыста ұстады – Тәңіріні, адамды және мінсіз өмірдің көрінісі ретінде жерді сипаттайды. «Мәңгілік Тәңірі» деген ұғымды адамдар ең жоғарғы және ең қасиетті ұлылық деп түсінгені деректерден белгілі. Сондықтан ежелгі түркілердің ата-бабалары – ғұндар, сақтар және басқалары өзінің шығу тегін «Мәңгілік Тәңіріден» бастап, Жаратушының бейнесіне тәуелді болды.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді». Яғни, «Мәңгілік ел» – болашаққа нық сеніммен қарайтын, әрбір қадамын адымдап басатын, дамыған мемлекет қатарынан орын алуға үмітті, сан жылдық тарихы бар мәңгілік еліміздің негізгі арманы мен мақсаты.

Егер түркілер өз қағанатын «Мәңгілік ел» деп атаса, онда олардың Тәңірге табынушылары, маньчжур тілінде сөйлейтін көршілері өзінің мемлекеттік бірлестіктерін «Монх ел» (Монғол) немесе «Мәңгілік Тәңір елі» деп атай бастады. «Мәңгілік Тәңірі» сайлаған қағандар мен хандар, сонымен қатар «Тәңірінің» туыстары деп саналған бектер «Мәңгілік елді» құру үшін шайқасты. Ашина әулетінің барлық ұрпақтары, Түрік қағанатын, Түргеш қағанатын, Қарлұқ қағанатын, Батыс және Шығыс Түрік қағанаттарын құрған кезде «Мәңгілік елді» құрдық деп санаған. Сонымен қатар, монғол көшпенділер өздерінің мемлекеті «Мәңгілік ел» болғанына сенді.

«Мәңгілік ел» сөзі қолданыста өздігінен пайда болған жоқ. Оның негізі тегі, тамыры тереңде жатқан түп тарихымыздан алынған. Белгілі түркітанушы ғалым, тарихшы Қ. Сартқожаұлы өз сөзінде: «Бұл, әрине, тектен-текке шыққан дүние емес. Кезінде Түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк абыз негізін қалаған идея» дейді.

Бұл тарихи асыл мұратты Елбасы Н.Ә. Назарбаев та дөп басып айтты: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» дейді. Негізгі ойын жеткізе отырып: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы... Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел! Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым». Шынына келгенде, бірліктің жоқтығынан, өзара түсініспеушіліктерден және геосаяси жағдайдан қағанаттар «Мәңгілік» бола алмады. Алайда, Тәңіріден бастау алған түркі халқы саяси жағдайларға қарамастан «мәңгілік ел» бола алды. Қазіргі уақытта зерттеушілер түркі халықтарының түп төркінін, шығу тарихын, әрбір түркі халқының қалыптасу жолын зерттеп, сараптамалық аниализдер жасап жатыр. Бір кездерде дүркіретіп билік құрған Көктүріктер империясы ту еткен, Тоныкөк негізін қалаған, ұлы Шыңғыс хан империясының атына айналған Мәңгі ел құндылығы бүгін, міне, осылайша Қазақстан мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналды. Алайда айтылғанның бәрі ақиқатқа айналып шыға келеді деу қиынсыз болар. Ата-баба құндылығын ауызбен айту бір басқа да оған барынша адал, әрі шын жанашыр болып, оны қайраткерлікпен, тектілікпен іске асыру екінші мәселе.

XIX – XX ғ. тарихи төңкерістерге қарамастан, бүгінгі таңда Қазақстанның тарихи ғылымы дамып келеді және де заманауи зерттеушілер үшін «Мәңгілік ел» деген атау мен «Қазақ» деген атаумен барлық тарихи кешендерін оқуға мүмкіндік өте жоғары. «Мәңгілік ел» қазіргі таңда тек метафора немесе бір философиялық идея ретінде көрінгенімен, мемлекеттің негізгі ұйытқысы, бұзылмас қамалы, осы идеяны жүзеге асырғанда ғана қалатыны анық. Сонымен қатар, толыққанды идея болу үшін бұл ұғымға «Жерұйық» (Асан қайғы), «Ізгілікті қала» (Әл

Фараби) және басқа да («Адам бол», «Бәйтерек», «Атамекен», «Ұлы Дала») ұғымдармен байланысу керек. Аталғандардың барлығы да «Мәңгілік елмен» қатар қазақтың және басқа да түркі елдерінің ұлттық санасында киелі ұғымдар болып саналады (Аманжолов, 2004: 108).

**«Қазақ» шығу тегі мен «Мәңгілік ел» идеясының байланысы.** Жалпы, «Қазақ» сөзінің шығу тарихы туралы пікірлерді қарастырсақ. Көптеген ғалымдар «қазақ» сөзінің шығу тегін б.з.д. VII-IV ғ. өмір сүрген сақ тайпасының атымен, не «еркін» сөзімен байланыстырады. Ғалымдардың пайымдауынша, «сақ», «қаспи», «қас», «қаз», «хаз», «аз», «қа-сақ» секілді рулардың атаулары – «қазақ» этнонимінің туынды түбірлері. Академик Н. Марра және чех ғалымы Б. Грозный көрсеткендей, «қазақ» атауы «қасақ» жән «кесек» сөздерінен шыққан. Зерттеуші, академик Ә. Марғұлан, тарихшы М. Ахинжанов, жазушы С. Мұқанов, орыс ғалымдары осы пікірді қолдайды. Академик Ә. Марғұлан өз еңбектерінде Кіші жүздегі «қазар-уг» тайпаларының бар болуына сілтеме жасап отырады. Зерттеуші Ә. Әбдрахманов «қазақ» сөзінің төркіні «қаз» және «оғ» (оқ) деген екі сөздің қосылуынан жасалған: «оғ» – көне түркі тілінде ру, тайпа дегенді білдіреді. «Қаз – оғ (оқ)» – қазақ тайпалары деген ұғымды білдіреді. Орыс ғалымы А. Бернштам ұзақ уақыт бойы қазақ халқының шығу тарихын зерттеп, археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерін жазба әдебиеттің деректерімен салыстырып отырды. Ол «қазақ» сөзі Қаспий маңы және сақ тайпаларының бірігуінен пайда болған деп тұжырымдайды. Б.з.д. II ғ. өмір сүрген қытай тарихшысы Бань Гу «Хань тарихы» атты еңбегінде ортаазиялық халықтардың арасынан «се» және «сай» ұлыстарының бар болғанын көрсеткен. Олар Грек-Бактрия мемлекетін ойран еткен. Кітаптағы егжей-тегжейлерге қарағанда, онда сақ тайпалары туралы жазылған. Айта кету керек, грек және рим тарихшылары аталған тайпалар туралы сөз еткен. Ғалым-шығыстанушы В. Григорьевтың ойынша, «се» және «сай» сөздері қытай транскрипциясындағы «сақтар» деген мағынаны білдіреді. Ғалым айтып кеткендей, бұл тайпалар Моңғол елі немесе Шығыстың алыс түкпірінен шықпаған. Олар Әмудария мен Сырдария бойында өмір сүрген. Белгілі ғалым, түркі тілінің маманы В. Радлов көрсеткендей, «қазақ» сөзі «ерікті, тәуелсіз» деген мағынаны береді. Ғалым А. Самойлович бұл пікірді жақтаған. Ш. Құдайбердіұлы осы идеяны қолдап, «қазақ» сөзінің мағынасы өз алдында

ел болып, еркін жүрген халық деп толықтырып жазды. Қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов «қазақ» сөзі «өте қадірлі сөз, күшті, мықты, шабытты» дегенді білдіреді дейді. Тарихшы Ибн Рузбихан XVI ғ. жазбаларында: «Әр жерде қазақтар өздерінің ержүректілігі, батырлығы, зор күшімен белгілі болған. Бұл туралы араб және бірқатар өзге тілдерде көп деректер кездеседі» деп көрсеткен. Тіл маманы Т. Жанұзақов «қазақ» сөзінің бірінші бөлігі – «қаз», «қас» – Орал, Алтай, Кавказ, т.б. түркі тілдер тобында «еркін», «ер», «жігіт», «кісі» деген мағынаны білдіретінін дәлелдеген.

Тарихшы, ортағасырларды зерттейтін маман Н. Мыңжанұлы «Алтын тас», «Күлтегін», «Тонькөк» түркі жазуларында кездесетін «қазғану», «қазғандук», «қазған тұтқын», «қазғанмасар» деген етістіктер «қажырлы, қайрат жұмсау», «күресу», «талпыну», «еркіндікке ұмтылу», «ерлік істеу», «табысқа қол жеткізу» деген мағынада деп түсіндіреді. «Қазақ» сөзінің шығуы туралы ғалымдар мен зерттеушілердің пікірлерін тұжырымдап, екі қорытынды жасауға болады: – «қазақ» сөзі «қас» және «сақ» атауларының бірігуінен шыққан; – «қазақ» сөзі «ерікті адам» деген мағынаны білдіреді.

Қазақ халқы жайлы бес жүздей пікір жүйеленіп, қазақ этнонимі туралы жүз елуге жуық этимологиялық және этнолингвистикалық пайымдаулар жинақталып берілген академик Ә.Т. Қайдардың «Қазақ қандай халық?» атты еңбегінің әлқиссасында айтылған «Шынында да, біз кіміз, қазақ қандай халық?» Бұл сауал бүгінде өзгеден гөрі өзімізді, қазақ азаматтарын көбірек ойландыратын, толғандыратын мәселеге айналып отыр. Себебі, өз тарихында алғаш бүгінгідей егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқы үшін, әсіресе оның өзін-өзі құрметтей білетін әрбір азаматы үшін «Қазақ қандай халық?» деген сауалға дұрыс жауап бере білудің тарихи-әлеуметтік мәні зор, рухани, моральдық жауапкершілігі мол мәселе екені сөзсіз деген ойлары қазақ қауымына, әрбір қазақ азаматына үлкен жауапкершілік жүктейді. Ғалым жинақтап, жүйелеген деректер қазақ халқының терең тамырлы бай тарихын ұрпақ санасына сіңіріп, жаһандану жағдаятындағы халық болашағының тұғырын нығайтуға қызмет ететін қазақтану ғылымының іргетасын бекітер өзегіне айналары анық (Қайдар, 2008: 5).

Жазба деректерге сақталған **qazaq** сөзіне тұлғасы жақын, фонетикалық варианттар ретінде қарастыруға фонетика-фонологиялық, морфологиялық, лексика-семантикалық бойынша зерт-

теулер жүргізуде, қазақ этнонимінің қалыптасуы мен этимологиясына V ғ. билік құрған Дарий патшаның құлпытасындағы жазуда **kossak** деген халық атауы кездесетінін көрсетеді. Ал, таза лингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда **qazaq** этнонимін **kossak** түрінде реконструкциялау этимологиялық принциптерге қайшы келмейді (Нұрмағамбетов, 1993: 7). **Qazaq** сөзімен тұлғалық жағынан сәйкес лексема VI-IX ғ. көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тілінде де кездеседі. Енисей ескерткіштеріне жататын Уюк-Туран жазбасында: **Tenri elimke qazyaqum oylim En Uz oylimalti bin juntim** «Тәңірі еліме олжам (табысым) – ұлым Ен Ұз, ұлым (және) алты мың жылқым» деген сөйлем құрамында **qazyaqim** лексемасы қолданылады.

С. Аманжолов 1948 жылы жазылған мақаласында Абайдың **qazaq** этнонимін арабтың **xuzaу** «көшпелілер, көшпелі тайпалар» мәнін беретін **xuzaу** сөзімен байланыстырған пікірі жайлы «.....қазақтың да құзақтар секілді көшпелі болғандығынан, ұқсастырып аталып кетуі ықтимал. IX ғ. Орта Азияны арабтар бағындырып тұрғаны белгілі. Ал, сол кезде қазақ тайпаларының болуы шындық. Оған Фердаусидің айтқаны дәлел. Сонда қазақ деген сөзді арабтың құзақ деген сөзінен шықты деудің жөні бар сияқты» дей отырып, **qazaq** атауының әр дәуірде әр түрлі мағына бергенін XV ғ. шыққан Самабектің «Хамус турки» сөздігінде **qazmaq** тарау, **qazaq** «сақалсыз әскер» лексемаларының кездесетіні, XIV ғасырда татарлардың атты әскерлері – **qazaq** деп аталғаны, В.В. Вельяминов-Зернов **qazaq** сөзінің «салт атты әскер» мағынасында қолданылғаны т.б. деректер негізінде дәлелдейді (Аманжолов, 2004: 108).

**Qazaq** этнониміне жасалған этимологиялық талдаулар да морфологиялық принцип бойынша екі бағытқа ажырайды: «.....научной интерпретации лексика-семантической структуры и происхождения этнонима казах в имеющихся исследованиях обнаруживается двоякий подход, рассматривающий данный этноним в одном случае как сочетание двух лексических элементов, выражающих каждый в отдельности конкретное этнонимическое понятие, а в другом – как цельноформленную производную основу, образованную от корневой морфемы тюркского или нетюркского происхождения». Яғни, бұл тұста «қазақ» сөзінен тек ұлттың ғана қалыптасуын ғана емес, жалпы түркілердің мәңгі ел болудағы жолдарынан үзінді көргендей боламыз. Яғни, «батыл, батыр», «нағыз, батыл кісілер», «еркін», «биік жерді мекен-

дейтін адамдар», «көшпелі», т.б. ұғымдардың мағынасы тікелей «Мәңгілік ел» концептісімен етене байланысты екенін көрсетуге болады.

Діни ілімдер мен идеалистік философияда: Құдайдың, “абсолюттің”, “абсолюттік рухтың”, “идеяның”, “абсолюттік ақылдың”, “әлемдік үйлесімділіктің” шексіздік сипатын дәріптейтін ұғым. Материя уақыт жағынан да, кеңістікте өмір сүруімен де мәңгі болып есептеледі. Мәңгілік дүниенің материалды екендігін дәлелдеп, оның өзара бірлікте екенін көрсетеді. Мәңгілік материяның қалыптасып, дамуымен ғана анықталса, онда уақыт пен кеңістік арқылы шексіздік пен шетсіздік, сан мен сапа үнемі дамып, өзгереді, үздіксіз мағынасыз қозғалыс орын алады. Рухани дүние Мәңгіліктің негізін қалайды, соған мән береді. Мәңгілік өзі адамдардың рухани, материалдық байлығының өміршеңдігімен, олардың үнемі дамып, жетіліп, өркендеуімен тығыз байланысты (Сулейменов, 2002: 153). Көптеген қайғылы төңкерістерден және сынақтардан өтіп, өзінің тарихын сақтар, ғұндар заманынан бері жетектеп, шынайы Тәуелсіздікке қол жеткізген халық «Мәңгі ел» болуға лайық деп есептеймін. Қазіргі таңда қазақ халқының жарқын болашағы оның Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерімен дәлелденген. Сондықтан «Мәңгілік ел» ұғымына ғасырлар бойы келген, көп қиындық көрген қазақ халқы осы идеологиялық концепцияны қабылдауға дайын. Әрине, қазақ халқының болашағын «Мәңгілік этносқа» теңестіру үшін оның тарихына терең көз салып, бұрынғы қателіктерді болдырмау керек. Сол кезде ғана біз қазақ халқын «Мәңгілік ел» ұғымын қалыптастырушы ретінде көрсете аламыз.

Біздің рухани ұстыны жұқарып, ұлттық мәні тайыздалған қоғамда бұндай үлкен идеяны бірден көтеріп шыға келу тосын құбылысқа баланатыны да анық. Сондықтан болар, «Мәңгілік ел» идеясына сын көзбен қарап, оны кезекті ұран, халық алдында кие салатын бетперде ретінде қабылдағандар да болды. Белгілі қоғам қайраткері М. Жолдасбеков өз сөзінде: «Біздің тарихтан да, Құраннан да білетініміз мәңгілік тек Аллаға тән. Алладан басқа жер бетінде, аспан астында мәңгі ештеңе болмайды. Бірақ бізге адаспай жүретін идеология керек. Қазақтың ендігі ұлттық идеологиясы осы «Мәңгілік ел» деп ойлаймын. 2050 жылы біз «Мәңгі ел» бола саламыз деп ешкім кесім жасай алмайды. Елбасы оны айтып отырған жоқ. Қазақтың түпкі арманын меңзеп отыр» деп айтса, саясаттанушы Айдос Сарым Елбасы Жолдаудағы «Мәңгілік ел» туралы пікірінде: «Астананың ешқашан

төртінші Рим немесе екінші Мәскеу, тіпті екінші Қарақорым бола алмайтынын ескерсек, «Мәңгілік ел» идеясы қоғамды бүгінгі таңдағы нақтылы өзекті мәселелерден алшақтатып, бас қатырудың амалы ғана» деп ашық айтады (Ескеева, 2011: 420).

### Қорытынды

Жоғарыдағы аталғандар негізінде, елдің құлағын елең еткізіп, қазақты сан түрлі ойға жетелеген осы түсініктің сыртқы түр-түсі мен айтылу сипатына көз жүгірту. Шынымен де, ата-бабалардан жеткен құндылықтың қазіргі таңда ерекше орын алатыны көңілді толтыра түседі. Бұл Қазақстандықтардың басын біріктіретін идея. Осы тұста белгілі ұлт қайраткері Берік Әбдіғали мырза: «Әрбір мемлекеттің идеологиясындағы сүйенетін тұғыры тарих болатыны анық» дейді. Яғни, елдік асылымыз ретінде қастерленуге лайық «Мәңгілік ел» идеясы да тарихтан жеткен ұғым. Идеологиямыз да тарихқа, әдебиетіміз бен тілімізге, мәдениетімізге қатысты.

ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын көтерген тамаша тарихи құжат. Қайта құру жылдарының «жариялылық» кезеңінен бері зерттеле бастаған ұлттық тарихымыздың ақтаңдақ беттері арқылы ұрпаққа жарық сыйлаған тарихи сананың қалыптасуы жаңа кезеңге жол ашты. Былтырғы Жолдаудың ерекше құнды арнасы – Мәңгілік Ел идеясына басым мән берілуі. Бұл ретте Елбасы: «Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандықтардың ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы», – деп түйіндейді (Қазақ үні, 2016: 18). Иә, Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың ықылым ғасырлардан бергі асыл арманы екені белгілі. Болашағымызға айқын бағыт-бағдар беретін де, ұлтымызды ұжымшылдыққа ұйыстыратын да, межелі ұлы мақсаттарға жетелейтін де осы Мәңгілік Ел идеясы екені анық. «Мәңгілік ел» деген не өзі? Бұл әрине тектен-текке шыққан дүние емес. Кезінде Түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кенесшісі болған атақты Тоныкөк негізін қалаған идея. Ол кісі бес жыл Қытайда ақсүйектің балалары оқитын мектебінде оқыған, Қытайдың түрлі губернияларында прокурор болып жұмыс атқарып, заң саласын жетік білген адам. Кейін Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрған кезде қолдау көрсетті. Соның арқасында Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрды. Қағанат орнап болғаннан кейін Тоныкөк «Мәң-

гілік ел» идеясын қолға алды. Қазақ даласында ғұмыр кешкен көшпелілер мемлекеттілігінің тұтас даму үрдісі мен этномәдени ерекшеліктерін зерттеп, зерделеу арқылы қазіргі таңдағы көшпелілер өркениетін түсінуге мүмкіндік беретін жол секілді. Ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан – 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алынған Мәңгілік Ел ұғымының мәні өз бастауын тарихтың терең қойнауларынан алады. Бүкіл түркінің қара шаңырағы атанып отырған қара орман ел – Қазақстанның ежелгі ата-бабамыз – Көк түріктердің Мәңгілік Ел идеясын жаңғыртып қана қоймай, ұлттық идея – ұлы бағдар етіп алуы қай жағынан болсын қисынды әрі тарихи заңдылық.

Жалпытүркілік тек тілдің ғасырлар бойы үздіксіз дамуының нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, өз құрамындағы этностар тілдеріне ыдырауы, өзара қайта тоғысуы, іргелілерін қайта ажыратуы, туыстас немесе басқа жүйедегі тілдермен қарым-қатынаста болуы, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмысымен қалыптасуына алып келеді. Сондықтан да қазіргі түркі тілдері әр деңгейде өзгерістерге ұшыраса да, көне тілдің элементтерін бойында сақтаған, түркілік тектіліктің, бабатиіліктің белгілі бір дәрежедегі мұрагері болып табылады.

### Әдебиеттер

- Н.Ә. Назарбаевтың жолдауы Қазақстан 2050 «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», Астана (2014).  
 Кенжебаев Б. (2004) Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі. – 76 бет.  
 Аманжолов А.С. (1996) Түрік филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, – 115 бет.  
 Қайдар Ә. (2008) Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс. – 3-11 бет.  
 Нұрмағамбетов Ә. (1993) Қазақ ру тайпалары атауларының төркіні // Ана тілі. 13 мамыр. – 7 бет.  
 Аманжолов С. (1996, 2004) «Қазақ» деген сөздің қайдан шыққаны туралы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын. – 106-108 бет.  
 Сүлейменов О. (2002) Тюрки в доистории. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. – Алматы: Атамұра. – С. 153.  
 Ескеева М.Қ. (2011) Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: «Кантана Пресс», – 420 б.  
 «Қазақ үні» газеті (9.11.2016 ж. басылым), 18 бет.

### References

- N.Ә.Nazarbaevtyyn zholdauy Qazaqstan 2050 «Bir maqsat,bir mudde,bir bolashaq», Astana 2014 zhyl.  
 Kenzhebaev B. Turik qaganatynan buginge dejin. Almaty Ana tili, 2004 zh. -76 bet.  
 Amanzholov A.S. Turki filologiyasy zhane zhazu tarihy. – Almaty: Sanat, 1996. – 115 bet.  
 Qajdar Ә. Qazaq qandaj halyq? – Almaty: Dajk-Press, 2008. – 3-11 bet.  
 Nurmagambetov Ә. Қазақ ру тайпалары атауларының төркіні // Ана тілі. 1993, 13 мамыр. – 7 бет.  
 Amanzholov S. «Qazaq» degen sozdin qajdan shyqqany turaly // Qazaq tarihyнан. – Almaty: Zhalyn, 1996. 2004. – 106-108 bet.  
 Sulejmenov O. Tyurki v doistorii. O proiskhozhdenii drevnetyurkskih yazykov i pis'mennostej. – Almaty: Atamura, 2002. – S.153.  
 Eskeeva M.Қ. Turki tilderi zhujesindegi qazaq tilinin tarihi orny. – Astana: «Kantana Press», 2011. – 420 b.  
 Qazaq uni» gazetі (9.11.2016 zh. basylym); -18 bet.